

АТА-АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН БУКЛЕТ

4-ші САБАҚ

БАЛАНЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫН ҚАЛАЙ ТҮСІНУГЕ БОЛАДЫ



Баланы дамытуды үйренеміз

ДДСҰ “Caregiver Training Skills” (балаларға күтім көрсетуді үйрету)
бағдарламасын Қазақстан Республикасы үшін адаптау аясында ҚР ЕХӘҚМ
ӘОД ҒПО, ҚР ДСМ РПДҒПО және ЮНИСЕФ бірлесіп әзірлеген

4-ші САБАҚ

БАЛАНЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫН ҚАЛАЙ ТҮСІНУГЕ БОЛАДЫ

МАЗМҰНЫ	БЕТ
Бүкіл бағдарлама кестесі	2
Біз бүгін нені білетін боламыз	3
Лиананың оқиғасы, 1-бөлім: Қарым-қатынасқа енгізу	4
Негізгі хабарлама № 1	7
Негізгі хабарлама № 2	8
Лиананың оқиғасы, 2-бөлім: Сара не айтқысы келеді?	9
Негізгі хабарлама № 3	10
Ұсыным № 1	11
Ұсыным № 2	12
Ұсыным № 3	13
Ұсыным № 4	14
Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар	15
Сұрақтарға жауаптар	16
Әрі қарайғы қадамдар	17

БҮКІЛ БАҒДАРЛАМА КЕСТЕСІ		Күні, уақыты, орны
Үйге бару 1		
Телефон арқылы тіркеу		
Сабақ 1	Баланы бірлескен іс-әрекеттерге қалай қатыстыру керек	
Телефон арқылы тіркеу		
Сабақ 2	Баланың бірлескен іс-әрекетке қызыға қатысуын қалай қолдау керек	
Телефон арқылы тіркеу		
Сабақ 3	Баланың бірлескен ойындарға және күнделікті үй жұмыстарына қатысуына қалай көмектесу керек	
Келесі сабақ туралы СМС немесе WhatsApp арқылы еске салу		
Сабақ 4	Баланың қарым-қатынасын қалай түсінуге болады	
Келесі сабақ туралы СМС немесе WhatsApp арқылы еске салу		
Сабақ 5	Баланың қарым-қатынас дағдыларын қалай дамыту керек	
Үйге бару 2 (5-ші және 6-шы сабақтар арасында)		
Сабақ 6	Баланы жағымсыз мінез-құлықтан қалай алдын ала сақтандыру керек әрі қызыға қатысуына және басқарылуына қалай көмектесу керек	
Телефон арқылы тіркеу		
Сабақ 7	Балаға жағымсыз мінез-құлық баламаларын қалай үйрету керек	
Келесі сабақ туралы СМС немесе WhatsApp арқылы еске салу		
Сабақ 8	Кішкентай қадамдардың көмегімен және ересектің мейлінше аз жәрдемімен балаға жаңа дағдыларды қалай үйрету керек	
Келесі сабақ туралы СМС немесе WhatsApp арқылы еске салу		
Сабақ 9	Өзімізге күтім көрсетуді ұмытпай, проблемаларды қалай шешу керек	
Үйге бару 3		
Қосымша сабақтар:		

4-ШІ ТОПТЫҚ САБАҚ

БАЛАНЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫН ҚАЛАЙ ТҮСІНУГЕ БОЛАДЫ

БІЗ БҮГІН НЕНІ БІЛЕТІН БОЛАМЫЗ:

- Біз бүгін баланың қарым-қатынас жасау дағдылары туралы сөйлесеміз
- Алдымен балаңыз қазір қалай қарым-қатынас жасайтынын талқылаймыз
- Содан кейін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалай жақсартуға болатыны туралы ұсынымдарға көшеміз



ЛИАНАНЫҢ ОҚИҒАСЫ, 1-бөлім: ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСҚА ЕНГІЗУ




Сара үшін қарым-қатынас жасау және анасына өзінің нені қалайтынын түсіндіру қиын. Сондықтан, Сара асүйде су құйылған құмыраның жанында отырғанда Лиана Сараның су ішкісі келіп, соны жылау арқылы жеткізіп жатыр деп ойлайды.



Лиана Сараға жылаудың орнына суды сөзбен сұрай алуы үшін оған «су» деген сөзді жаттатуға көмектесуге тырысып жатыр. Ол Сараға су құйылған тостағанды беріп, «су» дейді.





Лиана Сараның өзіне және тостағанға қарай жылжып келе жатқанын көріп тұр. Сараның өзіне қарап тұрғанын көріп тұр. Сара осындай тәсілмен өзіне су беруін сұрап тұрғанын түсінеді. Лиана оған су берген сайын тостағанды ұсынып, «су» деген сөзді айтады.



Бір күні Лиана су құйып жатқанда Сара «уф!» дегенге ұқсас дыбыс шығарды.



Негізгі хабарлама № 1

БАЛАЛАР СӨЗДЕРДІ, СӨЗСІЗ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫ ЖӘНЕ ҚИҚАР МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫ ПАЙДАЛАНУ АРҚЫЛЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖАСАЙДЫ

Өзге қарым-қатынас түрлері қиын болғанда балалар қарым-қатынас жасау үшін ҚИҚАР МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚТЫ пайдалануы мүмкін.


БАЛАЛАРДЫҢ ТҮРЛІ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖАСАУ ТӘСІЛДЕРІ



СӨЗДЕР: анық сөздер, мысалы, «мысық» орнына «мыс»



БІРТҮРЛІ СӨЗДЕР: қайталана беретін дыбыстар, сөздер немесе сөйлемшелер; сөздерді жаңғырық сияқты қайталау, кітаптан немесе видеодан естіген сөздерді немесе сөйлемшелерді қайталау




ДЫБЫСТАР: жылау; айғай; ызыңдау; «ия», «жоқ» немесе басқаны білдіретін дыбыстар



ДЕНЕ ҚИМЫЛЫ: бірдеңеге қарай бұрылады немесе жылжиды; біреудің қолын алып, затқа қояды (көмектескенін қалайды); басын бұрады; басын изейді



ҚОЛ ҚИМЫЛЫ: бірдеңеге нұсқайды; біреуге затты береді; бірдеңеге қарай созылады немесе затты итередім



КӨЗҚАРАС: біреуге қарайды; бірдеңеге, содан кейін біреуге жалт қарайды; бірдеңеге зер салып қарайды

		
<p>БЕТ: бет қимылы, күлімсіреу, қас қимылы, т.б.</p>	<p>ҚИҚАР МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ: айғайлайды; еденге құлайды; тістейді; тырнайды; өзгелерді немесе өзін ұрады</p>	

Негізгі хабарлама № 2

БАЛАҢЫЗ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖАСАП ЖАТҚАНЫН БАЙҚАУ ҮШІН ҚАРАҢЫЗ және ТЫҢДАҢЫЗ

- Балаңызға зейін қойыңыз, оған не қызықты екенін және сізбен қарым-қатынас жасауға тырысқанын байқау үшін қараңыз және тыңдаңыз
- Балаңыз қызыққанда немесе қарым-қатынас жасағанда бұл – онымен байланыс орнатудың және оған жаңа дүниені білуге көмектесудің керемет мүмкіндігі



ЛИАНАНЫҢ ОҚИҒАСЫ, 2-бөлім: САРА НЕ АЙТҚЫСЫ КЕЛЕДІ?



Негізгі хабарлама № 3

ҚАРАҢЫЗ және ТЫҢДАҢЫЗ, СОДАН КЕЙІН БАЛАҢЫЗ СІЗГЕ НЕ АЙТҚЫСЫ КЕЛІП ТҰРҒАНЫН ШЕШІҢІЗ

- Балалар сізге ойын жеткізу үшін сөздерді, сөзсіз мінез-құлықты немесе қиқар мінез-құлықты пайдалануы мүмкін
- Балаңыз сізге нені айтуға тырысып жатыр?
- Бәлкім, балаңыз:
 - бірдеңе сұрап тұрған шығар?
 - бірдеңені тоқтатқысы келетін шығар?
 - сізбен бірдеңемен бөліскісі келетін шығар?
 - сізге өзінің қорыққанын, шаршағанын, ашыққанын немесе абыржығанын жеткізуге тырысып жатқан шығар?



Ұсыным № 1

БАЛАНЫҢ КЕЗ-КЕЛГЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖАСАУ ӘРЕКЕТІНЕ, ТІПТІ ТҮСІНІКСІЗ БОЛСА ДА, СӨЗДЕРДІҢ ЖӘНЕ ҮМ-ИШАРАНЫҢ КӨМЕГІМЕН ЖАУАП БЕРІҢІЗ

- Сіз сөздерді және үм-ишараны пайдалану арқылы баланың қарым-қатынас жасау әрекетіне жауап бере аласыз
- Сіз пайдалана алатын үм-ишаралар:



Затқа нұсқау

Затты ұстау және көрсету

Затты беру

- Үм-ишара балаға тағы бір қарым-қатынас тәсілін береді
- Баланың кез-келген қарым-қатынас жасау әрекетіне, ол тіпті түсініксіз немесе біртүрлі болса да, жауап беру арқылы
 - ✓ сіз баланы қарым-қатынас жасауға итермелейсіз
 - ✓ сіз балаға жаңа дүниені, күрделірек қарым-қатынас жасау әдістерін білуге көмектесесіз

Ұсыным № 2

БАЛАҢЫЗДЫҢ ТІЛДІК ДАМУЫНА САЙ СӨЗДЕРДІ және ҮМ-ИШАРАНЫ ПАЙДАЛАНЫҢЫЗ

- **Егер балаңыз:**
мүлдем сөйлемесе, тек дыбыстарды немесе түсініксіз сөздерді ғана пайдаланса, сіз 1 сөзді пайдалана аласыз

- **Егер балаңыз:**
 - бір сөйлегенде 1 сөз айтса: сіз 1-2 сөзді пайдаланыңыз
 - бір сөйлегенде 2 сөз айтса: сіз 2-3 сөзді пайдаланыңыз
 - бір сөйлегенде 3-4 сөз айтса: сіз қысқа сөйлемшелерді пайдаланыңыз
сөйлемдер: сіз де сөйлемдер пайдаланыңыз


- Бір зат туралы айтып жатқанда соған нұсқап тұрғанда немесе оны балаға көрсетіп тұрғанда немесе оны балаға беріп жатқанда ым-ишараны пайдалануды ұмытпаңыз

- Үм-ишара балаға сіздің қарым-қатынасыңызды жақсырақ түсінуге көмектеседі

Ұсыным № 3

БАЛАҒА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСҚА ҚАТЫСУҒА МҮМКІНДІК БЕРУ ҮШІН КҮТІҢІЗ

- Үндемей тұра тұрыңыз және балаңыздың қарым-қатынас жасауын күте тұрыңыз (бар-жоғы бір-екі секунд)
- Күтіп тұрғанда келесілерді байқау үшін Қараңыз және Тыңдаңыз:
 - Дыбыстар
 - Сөздер
 - Ым-ишара
 - Көзқарас, бала қайда қарап тұр



- Сұрақ қоюдан аулақ болыңыз. Мысалы, «Не болды? Мұнара құлады ма?» ДЕУДІҢ ҚАЖЕТІ ЖОҚ
- Сынаққа алудан аулақ болыңыз. Мысалы, «Мұнараның түсі қандай?» ДЕУДІҢ ҚАЖЕТІ ЖОҚ
- Балаға не айтуы тиіс екенін айтудан аулақ болыңыз. Мысалы, «Ба-бах! деп айт» «Ба-бах! деп айт» ДЕУДІҢ ҚАЖЕТІ ЖОҚ

Ұсыным № 4

БАЛАНЫҢ НАЗАРЫН ҚАЗІР НЕ АУДАРҒАНЫ ТУРАЛЫ ЖӘНЕ ОЛ ҚАЗІР НЕ ІСТЕП ЖАТҚАНЫ ТУРАЛЫ АЙТЫҢЫЗ

- Баланың қайда қарап тұрғанын байқаңыз
- Баланың не істеп жатқаны және қайда қарап тұрғаны жайлы айтыңыз
- Ешқашан ым-ишараны пайдалануды ұмытпаңыз: өзіңіз айтып жатқан затқа нұсқағанда немесе затты ұстап тұрып көрсеткенде немесе затты балаға беріп жатқанда
- Үм-ишара балаға сіздің қарым-қатынасыңызды жақсырақ түсінуге көмектеседі



ӨЗІН-ӨЗІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

Топтық сабақтан кейін өзіңізді тексеру үшін осы сұрақтарға жауап беріп көріңіз. Содан кейін осы тараудың аяқ жағында келтірілген дұрыс жауаптармен салыстырып тексере аласыз

Нұсқаулық: Келтірілген нұсқалардың ішінен сұраққа ең лайықты жауапты таңдап, таңдаған жауап нұсқасын белгілеңіз. Содан кейін дұрыс жауап бердіңіз бе, тексеріңіз де, дұрыс жауапты шеңберге алыңыз

Сұрақ 1

Лиананың қызы Сара бірдеңе сұрау үшін негізінен «а!» деген сияқты дыбыстардың көмегімен қарым-қатынас жасайды. Ол үш сөзді біледі: «жоқ», «мысық» және «үйрек». Қызымен қарым-қатынас жасағанда Лиана қанша сөз қолдануы керек?

- A. Тек бір сөз және ым-ишара.
- B. Екі сөзден құралған сөз тіркестері және ым-ишара.
- C. Үш сөзден құралған сөйлемдер және ым-ишара.
- D. Мейлінше көбірек сөздер және ым-ишара.

Сұрақ 2

Сара кітап сөресі тұрған жаққа қарайды. Лиана иттер туралы кітапты таңдады, себебі, иттер – Сараның сүйікті жануарлары. Ол кітапты ашып, оқи бастады. Сара қызығушылық танытпайды. Ол қайтадан кітап сөресіне қарайды, бірақ Лианаға назар аудармайды. Лианаға не істеу керек?

- A. Кітапты жоғарырақ көтеріп, Сараның көзінің алдына орналастырып, оқуды жалғастыру.
- B. Күте тұру — қызды сөреде не қызықтырғанын түсіну үшін қарау және тыңдау.
- C. Күте тұру — Сараны дәл қай кітап қызықтырғанын түсіну үшін қарау және тыңдау. Сараға сөреден қызықтырған кітапты табуға көмектесу.
- D. Сараға кітап қызық емес деп шешіп, әрекет түрін өзгерту.

СҰРАҚТАРҒА ЖАУАПТАР

Осы жерден алдыңғы бетте келтірілген өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтарға жауаптарды табасыз. Сұрақтарға жауап берген соң ғана жауаптарды оқыңыз. Жауаптарды тексеріп болған соң, сұрақтар берілген бетті ашып, дұрыс жауапты шеңберге алыңыз

Сұрақ 1. Дұрыс жауап: А) Тек бір сөз және ым-ишара

Түсіндірме:

Ең дұрысы – баланың тілдік дамуына сай келетін сөздер мен ым-ишараны пайдалану. Қарым-қатынас жасау үшін Сара негізінен дыбыстар мен жекелеген сөздерді пайдаланады. Дыбыстардың көмегімен қарым-қатынас жасайтын балалармен тек бір сөзді және ым-ишараны пайдалану арқылы қарым-қатынас жасаған жөн. Алайда, кейде Сарамен әңгіме барысында Лиана одан көбірек сөздерді пайдалануы мүмкін.

Екі немесе үш сөзден құралған сөз тіркестерін тек анда-санда ғана пайдалануға болады, бірақ негізінен әр жолы тек бір сөзден айту керек. Көп сөзден тұратын әңгіме Сараның тілдік даму деңгейінен асып кетеді және оның үйренуін қиындатады. Ересектің тілі баланың тілдік дамуына сай болуы керек.

Сұрақ 2: Дұрыс жауап: С) Күте тұру — Сараны дәл қай кітап қызықтырғанын түсіну үшін қарау және тыңдау. Сараға сөреден қызықтырған кітапты табуға көмектесу.

Түсіндірме:

Сізге ақпарат жеткізу үшін балалар сөзсіз мінез-құлықты пайдалануы мүмкін. Өзіңізге келесі сұрақты қою маңызды: «Балам не айтқысы келіп тұр?». Аталмыш жағдайда Сара кітап сөресіне қарап тұр. Лиана Сараны не қызықтырғанын қарамай, кітапты өзі таңдады. Бізге Сараны кітапты Лианамен бірге қарауға ынталандыру керек. Егер кітап Сараға қызық болса, оның қызығушылығы ояну және қарым-қатынас жасау ықтималдығы жоғарырақ. С жауабына сай Лианаға Сараны не қызықтыратынын анықтау үшін күте тұрып, артынша қарап және тыңдап, оған таңдау жасауға көмектесу арқылы қалауына жауап қайтару керек.

ӘРІ ҚАРАЙҒЫ ҚАДАМДАР

- **Бесінші сабақта біз қарым-қатынас жасау туралы әңгімелесуді жалғастырамыз. Сабақ _____ өтеді.**
- **Егер қандай да бір себеппен келесі сабаққа келе алмасаңыз, 6-шы сабаққа келіңіз.**
- **Өткізіп алған материалды меңгеруге көмектесу үшін 15 минутқа ертерек келіңіз.**
- **Өтінеміз, келесі сабаққа практика кезінде пайдалану үшін үйде пайдаланатын кейбір материалдарды алып келуге тырысыңыз.**